

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылғы 20 желтоқсан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші Ж.Н.Бәйішев,
баяндамашы судья Т.Н. Нешатаева,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, В.Х. Сейтімова,
Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы А.А.Пановтың қатысуымен іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72,85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №32 қосымша) 53 және 54-тармақтарының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, ЕЭК, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №32 қосымша) 53 және 54-тармақтарының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші № 32 қосымшаның 53-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссияда және Одақ Сотында жұмыс істегенге дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымын атқарған, Комиссияда және Одақ Сотында атқаратын лауазымынан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және 15 жылдан кем емес мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, егер олар Комиссиядан және Одақ Сотынан босатылудың алдында кемінде 12 ай сол лауазымды атқарса, Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген тәртіппен федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін тағайындалатын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар екендігін көрсетеді.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу шеңберінде Комиссия № 32 қосымшаның 53-тармағының ережелерін бір мәнді түсінбеу және қолдану фактісін анықтады.

Өтініш беруші Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің 2017 жылғы 19 қазандағы № 29661-ГА/ДЮи хатына сілтеме жасайды, оған сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығу құқығы Комиссиядағы немесе Соттағы жұмысының алдында федералдық мемлекеттік азаматтық қызметтің лауазымдарынатқарған Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне ғана беріледі.

Осылайша, Комиссиядағы немесе Соттағы жұмысының алдында федералдық мемлекеттік қызметтің өзге де түрлерінің лауазымдарын атқарған Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің № 32 қосымшаның 53-тармағына сәйкес сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығуға құқығы жоқ.

Комиссияның пікірінше, мұндай тәсілдеме Комиссия мен Соттың барлық халықаралық қызметшілерінің заң (Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО, Одақ) құқығы) алдындағы теңдігін жариялайтын еңбек саласындағы құқықтар туралы негізгі халықаралық-құқықтық қағидаттарға толық сәйкес келмейді, сондай-ақ онда халықаралық ұйымның функционалдық иммунитеті қағидаты, халықаралық құқықтың тәуелсіз субъектісінің – халықаралық ұйымның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған Комиссия мен Соттың халықаралық қызметшілерінің ерекше мәртебесі ескерілмейді.

Комиссия жіберген материалдар ЕЭК мен Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының арасында туындаған келіспеушіліктердің мәні Одақ органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің зейнетақымен қамтамасыз етілуін реттеу жүйесін әртүрлі түсінуден келіп шығады, ол аралас сипатты иеленеді: мәселелердің бір бөлігі Шартта реттелген, ал екінші бөлігі Шарттың сілтемелік нормасына сәйкес мүше мемлекеттің ұлттық құқығымен реттеледі.

Комиссия жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып Соттан:

Комиссиядағы немесе Соттағы жұмысына дейін федералдық мемлекеттік қызметтің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметтің, әскери қызметтің және өзге де түрдегі федералдық мемлекеттік қызметтің) лауазымдарын атқарған, Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты оларды қолдану бөлігінде № 32 қосымшаның 53-тармағының ережелеріне;

лауазымды адамдар мен қызметкерлердің Комиссияда және Сотта жұмыс істеген кезеңін әлеуметтік кепілдіктер белгілеу үшін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін әр алуан түрдегі мемлекеттік қызмет өтіліне енгізу бөлігінде № 32 қосымшаның 54-тармағының ережелеріне түсініктеме беруді сұрайды.

II. Соттағы рәсім

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Сот Статуты) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағында Соттың түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделеді.

Істі қарауға дайындау шеңберінде Сот Еуразиялық экономикалық комиссияның, Ресей Федерациясының әлеуметтік қамсыздандыру үшін жауапты министрліктері мен ведомстволарының, Одаққа мүше мемлекеттердің жоғары және конституциялық соттарының, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелерін зерттейтін ғылыми мекемелердің, Халықаралық еңбек ұйымының, Еуропалық комиссия мен Еуропа кеңесінің тиісті бөлімшелерінің атына сұрау салулар жіберді. Еуразиялық экономикалық комиссиядан, Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен, Ресей Федерациясының Қаржы министрлігінен, Ресей Федерациясы Үкіметінің Құқық департаментінен, Армения Республикасының Конституциялық сотынан, Беларусь Республикасының Конституциялық сотынан, Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінен, Қырғыз Республикасы Жоғарғы сотының Конституциялық палатасынан, Ресей Федерациясының Конституциялық сотынан, Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотынан, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотынан, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Сотынан, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотынан, Беларусь Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау қорынан, Қазақстан Республикасының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, Қырғыз Республикасының Әлеуметтік қорынан, Ресей Федерациясының Зейнетақы қорынан, Қырғыз Республикасының Мемлекеттік кадр қызметінен, Армения Республикасының Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіптік ұйымдарының республикалық салалық одағынан, жергілікті өзін өзі басқару және қоғамдық қызмет көрсету органдарынан, Белоруссия мемлекеттік және басқа да мекемелер қызметкерлерінің кәсіптік одағынан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банк мекемелері мен қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағынан, Ресей Федерациясының Мемлекеттік мекемелері мен қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің жалпыресейлік кәсіптік одағынан, Беларусь Республикасының Заңнама және құқықтық зерттеулер ұлттық орталығынан, Қазақстан Республикасының Заңнама институтынан, Жүсіп Баласұғын атындағы Қырғыз ұлттық университетінен, Ресей Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтынан, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан, Ресей

СИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтынан (Университетінен), Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясынан, Ресей мемлекеттік сот төрелігі университетінен, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінен, Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясынан, Еуропалық комиссияның персоналды басқару және қауіпсіздік жөніндегі бас директоратынан жауаптар алынды.

Еуразиялық экономикалық комиссия Сотқа ЕЭК бұрынғы қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға байланысты қосымша материалдар жіберді, сондай-ақ Соттың сұрау салуына жауап ретінде № 32 қосымшаның 53 және 54-тармақтарын әзірлеумен және қабылдаумен байланысты отырыстар хаттамаларының және өзге де материалдардың Комиссияда жоқтығы туралы хабарлады.

III. Сот қорытындылары

1. Сот Статутының 50-тармағына сәйкес сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын; Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және қатысушылары дау тарапы мемлекеті болып табылатын өзге де халықаралық шарттарды; Одақ органының шешімдері мен өкімдерін; құқықтық норма ретінде танылған жалпыға ортақ практиканың дәлелі ретінде халықаралық дәстүрді қолданады. Шарттың 6-бабына сәйкес Одақтың құқығы: Шарттан; Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардан; Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық шарттарынан; Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдерінен құралады.

Осыған байланысты 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 26-бабында әрбір қолданыстағы шарт оған қатысушылар үшін міндетті екендігі және олар оны адал орындауға тиістігі (*pacta sunt servanda* қағидаты) көзделеді. Вена конвенциясының 27-бабына сәйкес шарттың орындалмауын ақтау ретінде ішкі құқықтың ережелеріне сілтеме жасауға тыйым салынады.

№ 32 қосымшаның 2-тармағына сәйкес Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Соты судьялары, лауазымды адамдар мен қызметкерлер халықаралық қызметшілер болып табылады. Өздерінің өкілеттіктерін орындау (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқару) кезінде олар мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ресми тұлғаларынан, сондай-ақ Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің биліктерінен нұсқаулар сұратуға немесе алуға тиіс емес. Олар өздерінің халықаралық қызметші мәртебесімен үйлеспейтін түрлі әркекеттерден аулақ болуға тиіс.

№ 32 қосымшаның 44-тармағына сәйкес Комиссия Алқасы мүшелерінің, Одақ Соты судьяларының, лауазымды адамдардың және қызметкерлердің зейнетақымен қамтамасыз етілуі олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады; бұл ретте зейнетақымен қамтамасыз етуге аударымдарды аталған тұлғалар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттердің зейнетақы қорларына Одақ бюджеті қаражаты есебінен тиісті мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде Одақтың органдары жүргізеді. Көрсетілген тұлғаларға зейнетақы төлеу жөніндегі шығыстарды сол мүше мемлекет көтереді.

Соттың Үлкен алқасы осы норманың жалпылама сипатты иеленетінін атап өтеді. Оның күші мәртебелеріне қарамастан Одақ органдарының барлық халықаралық қызметшілеріне және зейнетақымен қамтамасыз ету құқығымен байланысты барлық қоғамдық қатынастар кешеніне қолданылады.

Соттың Үлкен алқасы зейнетақымен қамтамасыз ету – бұл азаматтарға зейнетақы төлеу нысанында материалдық қолдау көрсету мақсатын иеленетін құқықтық, экономикалық және ұйымдық институттар мен нормалардың жиынтығы екенін атап көрсетеді.

Халықаралық қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері № 32 қосымшаның 46 және 47-тармақтарымен де реттеледі. № 32 қосымшаның 46-тармағында халықаралық қызметшілердің Комиссияда және Одақ Сотында жұмыс істеу кезеңдерін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтандыру немесе еңбек өтіліне есептеу туралы сөз болып отыр. № 32 қосымшаның 47-тармағына сәйкес халықаралық қызметшілердің өз өкілеттіктерін орындау кезінде алған еңбекақысы зейнетақы мөлшерін айқындау кезінде олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес есептеледі.

№ 32 қосымшаның 53 және 54-тармақтары 44, 46 және 47-тармақтарға қатысы бойынша арнайы болып табылады, өйткені олар Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне ғана, сондай-ақ зейнетақының бір түріне – еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақыға қолданылады.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы *lex specialis derogate generali* қағидатын басшылыққа алады, оған сәйкес жалпы (*generalis*) және арнайы (*specialis*) сипаттағы нормалардың коллизиясы (бәсекелестігі) жағдайында түсіндіру және қолдану кезінде арнайы нормаларға артықшылық берілуге тиіс.

№ 32 қосымшаның 53-тармағының бірінші абзацында Ресей Федерациясы азаматтарының еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алу шарттары белгіленген, олардың ішінен мыналарды бөліп көрсету қажет: а) мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі (15 жылдан кем емес), б) Одақ органдарындағы лауазымынан босатылудың алдында сол лауазымды атқаруы (12 айдан кем емес), в) Одақ органдарындағы лауазымынан кінәлі әрекеттермен байланысты емес босатылуы, г)

Комиссиядағы және Одақ Сотындағы жұмысына дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымын атқаруы. № 32 қосымшаның 53-тармағында зейнетақы тағайындау тәртібіне қатысты ұлттық заңнамаға сілтеме бар.

№ 32 қосымшаның 53-тармағының екінші абзацында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы мөлшері лауазымды адамның немесе қызметкердің орташа жалақысы негізінде есептелетіні көзделеді, оның шекті мөлшері Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері лауазымдарының Ресей Федерациясының Үкіметі бекітетін Ресей Федерациясының Үкіметі Аппаратындағы және Ресей Федерациясы Жоғарғы Соты аппаратындағы федералдық мемлекеттік азаматтық лауазымдарға сәйкестігі тізбесіне сәйкес мемлекеттік азаматтық қызмет лауазымдарына теңестіру бойынша белгіленген лауазымдық жалақыға (ақшалай сыйақыға) қарай айқындалады.

Сот 2017 жылғы 12 қыркүйектегі консультативтік қорытындыда белгілегендей, халықаралық ұйымдардың қызметшілерінің құқықтық жағдайын реттейтін халықаралық құқық нормалары басымдықты иеленеді, осы адамдарға қатысты ұлттық заңнама Одақ құқығында оған тікелей көрсету болған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

Осылайша, № 32 қосымшаның 53-тармағының нормаларын сөзбе-сөз оқу Шартта еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығу құқығын реттеудің (осындай зейнетақы құқығын алу шарттарының) материалдық бөлігі қамтылады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал зейнетақы тағайындау тәртібіне (рәсіміне) қатысты Шартта Комиссия Алқасының Төрағасына Және Одақ Сотының Төрағасына ұсыну құқығын қалдыра отырып, ұлттық заңнамаға сілтеме жасалады, соның негізінде зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын федералдық атқарушы билік органының басшысы еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу туралы тиісті шешім қабылдайды.

2. Одақтың ұлтүстілік органдарының функцияларының орындалуын қамтамасыз ететін Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлері № 32 қосымшаның 2-тармағына байланысты Одақ органдарының халықаралық қызметшілері болып табылады.

Шарттың 1-бабының 2-тармағына сәйкес Одақ халықаралық құқық субъектілігін иеленетін өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады.

Шарттың 5-бабын, 8-бабының 2-тармағын, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 24 және 43-тармақтарын және Сот Статутының IV тарауын жүйелі түрде түсіндіруден Одаққа мүше мемлекеттердің Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған қызмет саласындағы ерекше өкілеттіктерді Комиссияға және Сотқа бергені келіп шығады.

«Лауазымды адамдар» және «қызметкерлер» ұғымдарының анықтамасы Шарттың 2-бабында қамтылады. Осы құқықтық нормаға байланысты лауазымды адамдар – Комиссия департаменттерінің директорлары және департаменттер директорларының орынбасарлары, сондай-ақ Сот Хатшылығының басшысы, басшысының орынбасарлары және Сот судьяларының кеңесшілері лауазымдарына тағайындалған мүше мемлекеттердің азаматтары. Өз кезегінде, қызметкерлер – өздерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде Одақ органдарында жұмыс істейтін және лауазымды адамдар болып табылмайтын мүше мемлекеттердің азаматтары.

Соттың Үлкен алқасы № 32 қосымшада Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде бар, өздерінің еңбек қызметтерінің әртүрлі кезеңдерінде, оның ішінде Одақ құрылғанға дейін алған және федералдық мемлекеттік қызметтің әр түрі бойынша мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымдарындағы өтілді есепке алуға тыйым салу қамтылмайды деп есептейді.

3.1. Вена конвенциясының 31-бабының 1-тармағына байланысты Шарт сапалы түрде шарт терминдеріне олардың мән-мәтінінде берілуі қажет әдеттегі мәнге сәйкес, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарына байланысты түсіндірілуге тиіс. Вена конвенциясының 31-бабы 2-тармағының б) тармақшасына байланысты шартты түсіндіру мақсаттары үшін мән-мәтін кіріспе мен қосымшаларды қоса алғанда, мәтіннен басқа шарт жасасумен байланысты бір немесе бірнеше қатысушылар жасаған және шартқа қатысы бар құжат ретінде басқа қатысушылар қабылдаған кез келген құжатты қамтиды.

№ 32 қосымшаның 53-тармағында ұлттық заңнамаға сілтеменің болуын ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы бұл жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алуға жататын, оларда Шартта көрсетілмеген өзге де талаптар қамтылуы мүмкін Ресей Федерациясының ұлттық құқықтық актілері құжаттар ретінде қарастырылады деп қорытынды жасайды.

Алайда № 32 қосымшаның 53-тармағында Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындаудың дербес талаптарының болуы тиісті зейнетақы оның болуы кезінде тағайындалатын өтілдің ұлттық заңнамадағы өзгерісіне қарамастан, Одақ органдарының халықаралық қызметшілеріне қатысты Шартта белгіленген өтіл туралы норманың қолданылатынын білдіреді.

№ 32 қосымшаның 53-тармағының айқындығын және нақтылығын ескере отырып, Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алудың заңды мақсаттарын Шартта белгіленген 15 жылдан кем емес мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі жататын осы құқықтық нормада көрсетілген талаптардың сақталуымен байланыстыратынын да атап көрсету қажет.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың кіріспесінде бекітілген адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі қағидатын сөзсіз сақтау бейілділігіне байланысты Одақ кепілдік берген осындай құқықтар мен бостандықтар деңгейі мүше мемлекеттерде қамтамасыз етілетін деңгейден төмен болмайтынын ескереді. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру негізделетін теңдік пен әділдіктің жалпыға бірдей танылған қағидаттарына сәйкес Ресей Федерациясында құқықтық айқындық және онымен байланысты тиісті құқықтық қатынастардың тараптары өз іс-әрекетінің салдарын ақылға қонымды шекте алдын ала көре алу және олардың еңбек сіңірген жылдары үшін алған зейнетақыға құқығының іске асырылатынына сенімді болуы үшін қажетті зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы құқық қолдану практикасының болжамдылығы туралы қағида белгіленген.

3.2.Соттың Үлкен алқасы«мемлекеттік қызмет өтілі» ұғымы деп Ресей Федерациясы мемлекеттік қызметшілерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығын айқындау кезінде және осы зейнетақының мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін, атқаратын лауазымынан босатылу күніндегі мемлекеттік қызметті жүзеге асыру кезеңдерінің жиынтық ұзақтығы түсінілетінін атап өтеді.

«Ресей Федерациясында зейнетақымен мемлекеттік қамтамасыз ету туралы» 2001 жылғы 15 желтоқсандағы № 166-ФЗ Федералдық заңның 19-бабына сәйкес Ресей Федерациясының федералдық мемлекеттік қызметшілерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік қызмет өтіліне Ресей Федерациясы Үкіметінің «Федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің федералдық мемлекеттік азаматтық қызмет лауазымдарында, федералдық мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымдарында, федералдық мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік лауазымдарында және Ресей Федерациясының Президенті айқындайтын басқа да лауазымдарда қызмет (жұмыс) істеу кезеңдерін олардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға арналған мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне енгізу тәртібі туралы» 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 570 қаулысында белгіленген тәртіппен, федералдық мемлекеттік азаматтық қызмет лауазымдарындағы және Ресей ФедерациясыПрезидентінің «Федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне қызмет (жұмыс) істеген кезеңдері енгізілетін лауазымдардың тізбесі туралы» 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 1141 Жарлығына сәйкес айқындалатын басқа да лауазымдардағы қызмет (жұмыс) істеу кезеңдері енгізіледі.

Аталған Жарлықтың 15-тармағында Ресей Федерациясының қатысуымен құрылған мемлекетаралық (үкіметаралық) органдардағы жұмыстың «Ресей Федерациясындағы мемлекеттік қызмет жүйесі туралы» 2003 жылғы 27 мамырдағы № 58-ФЗ Федералдық заңының 2-бабы 1-

тармағының мағынасындағы мемлекеттік қызмет түрлері сияқты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік қызмет өтіліне қосылатыны көзделеді.

Бұдан басқа, аталған Жарлыққа сәйкес мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне азаматтың Ресей Федерациясының және Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік лауазымдарын; мемлекеттік азаматтық қызмет; әскери қызмет лауазымдарын; муниципалдық лауазымдарды (оның ішінде сакйланбалы органдардың) және муниципалдық қызмет лауазымдарын; Ресей Федерациясының үкіметаралық және ведомствоаралық органдардағы өкілдері лауазымдарын; 1991 жылғы 31 желтоқсанға дейін КСРО заңнамасына сәйкес мемлекеттік және муниципалдық лауазымдарды; және басқа да лауазымдарды (федералдық мемлекеттік азаматтық қызмет, әскери қызмет және өзге де түрлердегі федералдық мемлекеттік қызмет) атқарған кезеңдері қосылады.

Халықаралық қызмет тұрғысынан Одақ органдарындағы лауазымдарды иеленуге үміткерлерге қойылатын негізгі біліктілік талаптарының Шарттың 9-бабының 1-тармағында бекітілгенін ескеру қажет: «Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының құрылымдық бөлімшелерінде лауазымдарға орналасуға мүше мемлекеттердің тиісті бейіндік білімі және жұмыс тәжірибесі бар азаматтарының құқығы бар». Комиссия үшін осы талаптар ЕЭК Кеңесінің «Еуразиялық экономикалық комиссиядағы лауазымдарды иелену мәселелері» туралы 2014 жылғы 12 қарашадағы № 99 шешімінде нақтыланған. Одақ Сотына қатысты осындай талаптар Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Хатшылығындағы бос лауазымдарды иеленуге конкурс өткізу тәртібінде бекітілген.

Көрсетілген нормаларды талдау Соттың Үлкен алқасына Одақ органдарына қызметке орналасу үшін тиісті мамандық бойынша білімнің және практикалық жұмыс тәжірибесінің, соның ішінде лауазымды адамдар үшін – басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесінің шешуші маңызы бар деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Осыдан ЕАЭО органдарындағы халықаралық қызмет Одақты құрған мемлекеттер ұлтүстілік құзыретке берген қызмет салаларындағы және халықаралық қызметшілер халықаралық деңгейде қолданатын кәсіптік білімдер мен дағдылардың болуын талап ететіні келіп шығады. Мұндай дағдылар тиісті салалардағы практикалық жұмыс арқылы ғана қалыптасуы мүмкін, онда жинақталған өтіл үміткерлерге қойылатын талаптардың бірі қызметін атқарады, Одақ органына жұмысқа қабылдау кезінде ескеріледі, яғни Комиссияда және Одақ Сотында атқаратын лауазымдардан зейнеткерлікке шығуға байланысты босатылуы кезінде де алынып тасталмайды.

Осылайша, Ресей Федерациясы заңнамасының нормалары халықаралық (мемлекетаралық) ұйымдардағы жұмыс өтілінің мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне қосылатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметтің әр алуан түрлерінің (мемлекеттік

азаматтық, әскери, өзге де түрлерінің) көрсетілген санатқа енгізілуі Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. Өтініш берушінің екінші сұрағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің Комиссияда және Сотта жұмыс істеген кезеңін әлеуметтік кепілдіктер белгілеу үшін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мүше мемлекеттердің мемлекеттік қызмет өтіліне енгізу бөлігінде № 32 қосымшаның 54-тармағының ережелеріне түсініктеме беруге қатысты.

Соттың Үлкен алқасы № 32 қосымшаның 53-тармағынан айырмашылығы 54-тармақ Ресей Федерациясының азаматтарына ғана емес, сонымен бірге барлық мүше мемлекеттердің азаматтарына да қатысты, өйткені осы норманың тұжырымында Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жұмыс істеген кезеңдері «олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметі өтіліне» қосылады деп көрсетілген.

Жақшаларды, соның ішінде осы тармақтың соңғы жолындағыларды пайдалану Одаққа мүше мемлекеттердегі мемлекеттік қызмет терминологиясының әртүрлілігінен туындаған («федералдық» термині Ресей Федерациясының заңнамасында ғана қолданылады).

Екінші жағынан, № 32 қосымшаның 53-тармағынан айырмашылығы 54-тармақта Комиссияда және Сотта жұмыс істеу кезеңдерін мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне қосу үшін қандай да бір талаптарды көрсету қамтылмайды, бұл осы норманың Комиссиядағы және Соттағы жұмысына дейін мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі болмаған адамдарға да қолданылуы мүмкін деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Баяндалғандарды ескере келгенде, осы норма Одақ органдарындағы халықаралық қызмет және мүше мемлекеттердегі мемлекеттік қызмет өтілінің арақатынасы мәселесін ғана реттейді. Азаматтық қызмет (мемлекеттік қызметтің түрі ретінде), әскери қызмет немесе өзге де түрлердегі мемлекеттік қызмет, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, мемлекеттік қызмет өтіліне қосылуы мүмкін.

Осылайша, қызметтің ұзақтығы үшін сақтандыру зейнетақысына үстеме ақы алу құқығының туындау шарттары және оны алып жүру ерекшеліктері халықаралық шартта бекітілген, ал оларды іске асыру тәртібі ұлттық заңнамамен айқындалады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау кезінде Одақ органдары мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен құжаттардың ұсынылуымен, Шартта бекітілген, осы консультативтік қорытындыда Сот берген түсіндірмедегі зейнетақы тағайындау талаптарын қолдануға құқылы. Мүше мемлекеттердің ұлттық әкімшіліктерінің Одақ органының осындай ұсынымын орындамауы № 32 қосымшаның 53 және 54-тармақтарының ережелерімен үйлеспейді.

Қорытынды

1. Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №32 қосымша) 53-тармағы Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссиядағы немесе Соттағы жұмысына дейін федералдық мемлекеттік қызмет лауазымдарын атқарған Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты қолданылады. Мемлекеттік қызметтің әр алуан түрлерін (мемлекеттік азаматтық, әскери, өзге де түрлерін) көрсетілген санатқа енгізу Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №32 қосымша) 54-тармағында лауазымды адамдар мен қызметкерлердің Комиссияда және Сотта жұмыс істеген кезеңін әлеуметтік кепілдіктер белгілеу үшін, соның ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін мемлекеттік қызмет өтіліне қосу көзделеді.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Баяндамашы судья

Т.Н. Нешатаева

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка